

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Аудиторларды аттестациялау жөніндегі біліктілік комиссиясының ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1997 жылғы 5 мамырдағы N 12 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 22 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 333. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 453 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Алқасының "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Аудиторларды аттестациялау жөніндегі біліктілік комиссиясы туралы" 1997 жылғы 5 мамырдағы N 12, 1997 жылғы 22 шілдедегі N 335 Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде тіркелген қаулысы...

I бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанында Қазақстан Республикасының 18.10.93 ж. N 2446-ХІІ "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" заңына сәйкес үміткерлерді, Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен шұғылданғысы келетін шетелдіктерді аттестациялау мақсатында құрылған Біліктілік комиссиясының (әрі қарай - Комиссия) жұмыс тәртібін белгілейді.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының 18.10.93 ж. N 2446-ХІІ "Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы" заңды, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар, 26.12.95 ж. N 2732 "Бухгалтерлік есеп туралы" Жарлығын, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Үкіметінің аудиторлық қызмет мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Аудиторлық біліктілік куәлігін алудан үміткерлердің біліктілік дәрежесін анықтау мақсатында құрылатын комиссия мыналардан тұрады:

- біліктілік дәрежесі кәсіпкерлік қызметпен айналысатын аудитордың, бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ғылыми-оқытушылық стажы бар аудиторлардың, бухгалтерлік есеп және аудиттің әдістемесімен, әрі бухгалтерлер және аудиторларды оқытумен тікелей шұғылданатын аудиторлардың біліктілік куәлігімен расталған аудиторлар;

- мемлекеттік органдардың қызметкерлері.

Мемлекеттік органдар қызметкерлерінің аудиттің әдістемелерін (заң актілерін, стандарттарды) әзірлеуге, аудиттік қызметтік лицензия беруге тікелей қатысуы, аттестациялау жөніндегі Біліктілік және емтихан комиссияларына мүше болуы, бухгалтерлік есеп және аудит жөніндегі ғылыми-оқытушылық қызметі олардың аудитор ретіндегі қызметіне растама болып табылады.

Комиссия 5 жылдық мерзімге, 14 адамдық құрамда құрылады, олардың 7-еуі аудиторлардың, 7-еуі -мемлекеттік органдардың өкілдері.

4. Комиссияның адам құрамын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алқасы бекітеді. Комиссияның төрағасы болып бухгалтерлік есептің және аудиттің әдістемесін әзірлеумен тікелей шұғылданатын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қызметкерлерінің комиссиясы құрамына кіретін аудитор сайланады.

5. Аудитордың біліктілік куәлігін алуға үміткердің жоғары экономикалық яки орта арнаулы білімі және кемінде 2 жылдық экономикалық, қаржылық, есептеу-талдау, бақылау-тексеру немесе құқықтық жұмыс тәжірибесі болуға тиіс. Арнаулы білімге қосымша, осы саладағы жоғары білім туралы куәлік кемінде 300 сағаттық көлемдегі сабаққа сәйкес келетін, оқу орнының арнаулы курсынан немесе қайта даярлау курсынан өткендігі туралы құжатпен расталуы керек.

М ұ н ы ң і ш і н д е :

Бухгалтерлік есеп	100 сағат
Аудит	90 сағат
Салық салу	40 сағат
Қаржылық талдау	40 сағат
Құқық негіздері	30 сағат

6. Үміткер аудитордың біліктілік куәлігін алуға қажетті емтиханды тапсыру үшін талап етілетін дайындықтар мақсатында, өзіне қолайлы кез-келген уақытта бухгалтерлерді немесе аудиторларды қайтадан даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарында білім алуға құқығы бар.

7. Үкіметкерді аттестациялау тоқсан сайын бір рет өткізіледі. Аттестацияны өткізетін нақты мерзімді Комиссия белгілейді және баспасөзде бір айдан аспайтын мерзімде жариялануға тиіс.

8. Аттестация Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен ақылы негізде жүргізілуі мүмкін.

9. Жыл сайын 31 желтоқсанға дейін Біліктілік емтиханына енгізілетін мәселелердің тізбесі жарияланады. Комиссия осы тізбеге сәйкес емтихан билеттерін белгілейді.

10. Бір мезгілде аттестацияланатын үміткерлердің саны 10 адамнан кем емес және 25 адамнан артық емес болуы керек.

11. Біліктілік және емтихан комиссияларының қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемесі департаменті жүзеге асырады.

12. Комиссияның шешімі туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне шағым жасауға болады.

II бөлім. Комиссияның міндеттері

13. Комиссияға мынадай міндеттер жүктеледі:

- аудитордың біліктілік куәлігін алғысы келетін үміткерлердің білімін анықтау;

- аудитордың біліктілік дәрежесін ұдайы көтеру мақсатында бақылауды жүзеге асыру;

аудиторлар туралы деректердің ақпараттық базасын қамтамасыз ету.

III бөлім. Комиссияның функциялары

14. Комиссия оған жүктелген міндеттерге сәйкес:

- біліктілік емтиханын жүргізудің тәртібін белгілейді;

- мынадай пәндер: бухгалтерлік есептің теориясы, аудит, салық салу қаржылық талдау жасау, құқық негіздері бойынша біліктілік емтиханын алудың біртұтас бағдарламасын бекітеді;

- қажет болған жағдайда емтихандық билеттерді тексеріп, бекітеді;

- емтиханды өткізудің уақытын белгілейді;

- емтихандық комиссияның құрамын бекітеді;

- бекітілген бағдарламаға сәйкес үміткерлерді аттестациялауды жүргізеді;

- біліктілік емтихандарының нәтижелерін қарайды және бекітеді;

- Комиссия белгілеген үлгі бойынша біліктілік куәлігін береді;

- баспасөзде аудиторлардың тізімін жариялай отырып, Біліктілік куәлігін алған аудиторлардың мемлекеттік тізбесін жүргізеді;

- заңдарда белгіленген шарттарға сәйкес, баспасөзде жариялай отырып ақпараттық куәлікке талдау береді;

- есеп беріліп отырған жылдың бірінші ақпанынан кешікпей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша өз қызметі туралы есеп тапсырады.

IV бөлім. Комиссияның құқықтары

15. Комиссияның мынадай құқықтары бар:

- орталық экономикалық органдардың, салық қызметкерлерінің мамандарын, оқыту және емтихан комиссиясының құрамына арналған билеттерді дайындауға қатысатын бухгалтерлер мен аудиторларды тәжірибеден өткізетін құрамды белгілеу;

- үміткерден қажетті құжаттарды растығына күдік туған жағдайда, оны растайтын қосымша дәлелдемелік құжаттарға біліктілік куәлігін анықтауды талап ету;

- емтихан комиссиясы қойған бағаның шындығына күдік туған жағдайда қайтадан емтихан тапсыруға рұқсат ету;

- бухгалтерлік есеп, салық салу, аудит және құқық мәселелері жөніндегі өзгерген заң жүзіндегі және нормативтік актілерге байланысты біліктілік емтиханын жүргізу туралы шешім шығару;

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Комиссияның қызметтегі құрамы бойынша олардың біліктілігін одан әрі көтеру жөнінде және аттестациялау шарасын жүргізудің тәртібін жетілдіру жөнінде ұсыныс жасау;

- өзінің өкілеттілігіне сәйкес басқада шешімдер қабылдау.

V бөлім. Комиссия жұмысының реті

16. Комиссия құрамына Комиссияның төрағасы, оның орынбасары, жауапты хатшысы мен мүшелері кіреді.

17. Комиссияның төрағасы:

а) Комиссияның мәжілістерін жүргізеді және оның шешімдеріне қол қояды;

б) Комиссияның жұмысына басшылық жасайды;

в) Комиссияның беретін біліктілік куәліктерін қол қойып бекітеді;

г) Комиссияның басқа да шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

д) Комиссия төрағасының орынбасарын және жауапты хатшысын тағайындайды.

18. Комиссия төрағасының орынбасары ол болмаған кезде Комиссия төрағасының өкілеттілігін жүзеге асырады.

19. Комиссия жауапты хатшысы:

а) 5 күннен кешікпей, кезекті мәжілістің уақыты, өтетін орны және күн тәртібі туралы оның мүшелерін жазбаша түрде хабардар етеді. Одан кейінгі мәжілістердің материалдарына қажетті деректерді жинастырады;

б) Комиссияның шешіміне қол қояды;

г) өзінің өкілеттігі шегінде Комиссия төрағасының тапсырмасын орындайды.

20. Комиссияның мүшелері оның мәжілістеріне қатысады, сондай-ақ

Төрағаның, оның орынбасарының тапсымалдарын орындайды.

21. Комиссияның мәжілістері 1 ақпанға дейін Комиссияның төрағасы жыл сайын бекітіп отыратын, жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

22. Комиссияның кезектен тыс мәжілістері:

- Комиссия төрағасының;

- Комиссия төрағасы орынбасарының;

- Комиссияның кемінде үш мүшесінің талабы бойынша өткізіледі.

23. Комиссияның мәжілісі оның 2/3 мүшесі қатысқан жағдайда құқықты деп с а н а л а д ы .

Комиссияның шешімдері мүшелерінің қарапайым басым дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның, ол жоқ болса, Орынбасардың дауысы шешуші болып саналады.

24. Мәжілістердің өткізілуі және шешімдердің қабылдануы оған қатысқан Комиссия мүшелерінің бәрі қол қойған мәжіліс хатпен бекітіледі.

25. Мәжілістерге Комиссияның мүшесі ұдайы қатыспаған жағдайда (кемінде үш рет), Комиссияның Төрағасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне оны Комиссия мүшелігінен алып тастау және ауыстыру туралы ұсыныс жасауға қ ұ қ ы қ т ы .

26. Комиссия аттестация жүргізілетіні туралы мезгілден кемінде бір ай бұрын емтихандық Комиссияның құрамын белгілейді емтихан Комиссиясы 7 адамнан қ ұ р а л а д ы .

27. Емтихан Комиссияның құрамына оның кемінде үш мүшесі, мемлекеттік органдардың мамандары, жоғары оқу орындарының оқытушылар, іс жүзінде тәжірибеден өткен бухгалтерлер мен аудиторлар, емтихан бағдарламасына кірген мәселелерге байланысты кәсіптік мамандығы бар білікті адамдар енгізіледі.

28. Емтихан Комиссиясындағы адамдардың құрамы аттестация өткізілетін мерзімге байланысты Комиссияның мәжілісінде бекітіледі.

29. Емтихандық Комиссияның Төрағасы Комиссияның Төрағасы болып т а ғ а й ы н д а й д ы .

30. Емтихандарды жүргізу тәртібін Комиссия бекітеді.

31. Біліктілік куәлігін хаттауды және беруді емтиханның нәтижелері жөнінде шешімді 5 күннің ішінде Комиссия жүзеге асырады.

32. Аудиторға берілген біліктілік куәлігі 5 жылға дейін күшін сақтайды.

33. Аудитор біліктілік куәлігінің күшін сақтайтын кезеңде Комиссия белгілеген тәртіпке сәйкес, өзінің біліктілік дәрежесін көтеруге тиіс.

34. Мерзімі өтпеген куәлігін жоғалтқан жағдайда аудиторға оның өтініші бойынша аттестациядан өтуі үшін төленетін ақының 50% көлемінде айыпақы төлеу жөнінде шешімімен оның қосымша үлгісі берілуі мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК